ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

«ТӘЛІМГЕР»
ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ
БІРЛЕСТІГІ

«ТӘЛІМГЕР» ЖҚБ

ПАВЛОДАРСКАЯ ОБЛАСТЬ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МОЛОДЁЖНОЕ ОБЩЕСТВЕННОЕ
ОБЪЕДИНЕНИЕ
«ТӘЛІМГЕР»

Павлодар обл., Павлодар ауд., Кемеңгер
а., Тәуелсіздік, № 7

Павлодарская обл., Павлодарский р.,
с.Кеменгер, Тауелсиздик, № 7

27.04.2026 ж. № 16

"Шахтинск қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі

ШАҒЫМ

(конкурс қорытындылары бойынша)

«ТӘЛІМГЕР» жастар қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Шағым берушілер) "Шахтинск қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 22 сәуірдегі № 17552334 Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өткізілген конкурстың қорытындылары туралы хаттама шешімімен келіспей, осы шағымды береді.

Шағымның негіздемесі:

1. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі бойынша:

Конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілер — «Жастар Альянсы» қоғамдық бірлестігі», «Тәлімгер» жастар қоғамдық бірлестігіне әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі үшін 4 балл қойылған.

Алайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 6-параграфының 78-тармағында:

– *«**Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда**, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы не еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі арқылы расталады.*

***Еңбек өтілі бойынша талап болған жағдайда**, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтердің электрондық көшірмесі және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі қызметкердің еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады.»,* – деп көрсетілген.

Яғни, тапсырыс беруші бекіткен техникалық сипаттамада мамандардың еңбек өтіліне (стаж) қатысты нақты талап болған жағдайда ғана тиісті балл қойылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының конкурстық құжаттамаға 21-қосымшасына сәйкес,

әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігіне келесідей баллдар қойылады.

0 балл	-	*Жобаны және (немесе) бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламалардың қызмет түрлеріне сәйкес жеткілікті өтілі мен біліктілігі болмайды немесе мамандардың өтілі мен біліктілігі тиісті құжаттармен расталмайды*
2 балл	-	*Жобаны және (немесе) бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тиісті құжаттармен расталған ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламалардың қызмет түрлеріне сәйкес жеткілікті өтілі немесе біліктілігі болады*
4 балл	-	*Жобаны және (немесе) бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тиісті құжаттармен расталған ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) Бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес жеткілікті өтілі мен біліктілігі болады*

Осы орайда, тапсырыс беруші бекіткен техникалық сипаттамада мамандардың жұмыс өтіліне қатысты талаптың болмауына байланысты 4 балл қою заң талаптарына қайшы болып табылады. **Осыған байланысты жоғарыда аталған әлеуетті өнім берушілер «Жастар Альянсы» қоғамдық бірлестігі», «Тәлімгер» жастар қоғамдық бірлестігіне әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі бойынша 4 баллдың орнына 2 балл есептелуі тиіс.**

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, «ТӘЛІМГЕР» ЖҚБ:

1. Бағалау барысында жіберілген қателіктер бойынша конкурстық комиссияның шешімін қайта қарауды талап етеді;
2. Шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын толық сақтауды қамтамасыз етуді сұрайды;
3. Осы шағым бойынша қабылданған шешім туралы жазбаша жауап беруді талап етеді.

«ТӘЛІМГЕР» ЖҚБ Директоры _____ / Н. Бейбитов /